«№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Қамқоршылық кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ
№2

18.05.2026ж. **Жаңа Дәулет ауылы**

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде:

- 2025-2026 оқу жылында демеушілік көмек көрсететін азаматтар мен кәсіпкерлер және мекемелерден түскен қаражатты немесе заттай берілген мүліктің есептері, қайырымдылық акциясы бойынша көрсетілген көмек туралы (әлеуметтік педагог Ш.К.Абыханова)
- Оқу жылында әр түрлі байқаулар мен пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға оқушылардың қатысу деңгейі туралы (дарынды баламен жұмыс жөніндегі маман С.Темірбек)
- Жетім, жартылай жетім, мүжәлсіз отбасы жағдайсыз отбасы, асыраушысы жоқ отбасы, мүгедек және ерекше білім беруді қажет ететін балалардың тұрмыстық жағдайына байланысты қала сыртындағы демалыс орындарына және мектепішілік сауықтыру орталықтарында демалуға жолдама беру туралы есебі (әлеуметтік педагог Ш.К.Абыханова)

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша әлеуметтік педагог Ш.Абыханова демеушілік көмек көрсететін азаматтар мен кәсіпкерлер және мекемелерден түскен қаражатты немесе заттай берілген мүліктің есептері, қайырымдылық акциясы бойынша көрсетілген көмек туралы айтып өтті. (ақпараты қосымша жалғанды)

Екінші мәселеде жетім, жартылай жетім, мүжәлсіз отбасы, жағдайсыз отбасы, асыраушысы жоқ отбасы, мүгедек және ерекше білім беруді қажет ететін балалардың тұрмыстық жағдайына байланысты қала сыртындағы демалыс орындарына және мектепішілік сауықтыру орталықтарында демалуға 2024/2025 оқу жылында төмендегідей жолдама берілгендігін атап өтті.(ақпараты қосымша жалғанды)

Сұрақ: *қамқоршылық кеңес мүшесі, ауыл әкімінің орынбасары Е.Жұпбан: Жазғы лагерь кезінде демалушылардың құжаттары қалай іріктеледі және демалуға жіберілетіндігі қалай шешіледі?*

Жауап: *әлеуметтік педагог М.Коптлиева: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрықтың 11- қосымшасына сәйкес, "Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сай құжаттары жиналады және мектеп директорымен келісіледі.*

Ұсыныс: *осы іріктеу барысында қамқоршылық кеңестен мониторинг топ құрылса, біріге отырып құжаттары реттелсе*

Жауап: *келесі іріктеу барысында өтінішіңіз ескеріледі.*

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша оқу жылында әр түрлі байқаулар мен пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға оқушылардың қатысу деңгейі туралы дарынды баламен жұмыс жөніндегі маман С.Темірбек айтты.(ақпараты қосымша жалғанды)

Сұрақ: *қамқоршылық кеңес төрағасы Дәуенова Ләззат: Осы оқушыларды әртүрлі байқау мен олимпиадаларға дайындаған мұғалімдердің еңбегі ескеріле ме?*

Жауап: *дайындаған мұғалімдердің еңбегі жыл соңында ескеріліп, «Жыл мұғалімі», «Үздік ондық» және «Жеке үлесім» жобасы аясында ескеріліп, дипломдармен марапатталады.*

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша төмендегідей шешім етеді

ШЕШІМ

- "Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сай құжаттарын іріктеу барысында қамқоршылық кеңестен мониторинг топ құрылса, біріге отырып құжаттары реттелсе;
- Оқушыларды әртүрлі байқау мен олимпиадаларға дайындау барысында жетістікке жетке, оқушыларды дайындаған мұғалімдердің еңбегі ескерілсе және оларға қолдау көрсетілсе.

Кеңес төрағасы Л.Дауенова

Мүшелері: Е.Жұпбан

Ж.Шүйінішбаева

К.Турмаганбетов

Б.Копнепесова

Т.Байманова

Ж.Нуржанов

І.Айдарбек

И.Метерова

Хаттаманы дайындаған А.Орынбасарова